

Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі N 1543-XII Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 124 Заңымен.

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Осы Заң жеке кәсіпкерлікті қорғау мен оны қолдаудың негізгі түрлері мен әдістерін белгілейді, мемлекеттің жеке кәсіпкерлік қызметке тікелей араласудан бас тарту саясатын, жеке кәсіпкерлердің барынша еркіндігін, коммерциялық құпияның қорғалуын және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жеке кәсіпкерлердің хұқықтарын бұзғаны үшін жауаптылығын баянды етеді.

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Жеке кәсіпкерлік ұғымы

1. Жеке кәсіпкерлік - азаматтардың өздерінің (жеке кәсіпкерлік) немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың (заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлігі) меншігіне негізделген және азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігіне алынып жүзеге асырылатын, азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың табыс табуға бағытталған бастамашылық қызметі.

2 . < * >

3. Жеке кәсіпкерлердің меншігіне қол сұғуға болмайды, ол заңмен қорғалады.

Жеке кәсіпкер болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін тоқтата тұру және оны күштеп тарату сот шешімімен ғана жүргізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа кезде жеке кәсіпкерлердің қызметін шектеуге болмайды.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 , 1999.11.29. N 488 Заңдарымен.

2-бап. Жеке кәсіпкерлікті қорғау туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті қорғау жөніндегі қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін басқа да заң актілерімен реттеледі.

2. Осы Заңмен реттелмеген мәселеде азаматтық заңдар нормалары

қ о л д а н ы л а д ы .

3. Басқа мемлекеттердің азаматтары мен заңды тараптары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке кәсіпкерлік саласында Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тараптары пайдаланатындай құқықтарды пайдаланады және сондай міндеткерлікте болады, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайлар бұған жатпайды.

3-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті құқық реттеу шектері

1. Жеке кәсіпкерлік қызмет мемлекеттің ғана құзыретіне жататын заңдылықты сақтау, қоғам мен азаматтардың қорғанысы мен қауіпсіздігі, салықтық, кедендік, валюталық, бағалық және монополияға қарсы реттеу, әлеуметтік кепілдіктер беру, экологиялық, санитариялық және өртке қарсы нормаларды сақтау сияқты мәселелер бойынша ғана шектелуі мүмкін. <*>

2 . < * >

3. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының жеке кәсіпкерлермен салыстырғанда мемлекеттік шаруашылық жүргізуші органдар мен кәсіпорындардың артықшылық жағдайын белгілейтін актілер шығаруына тыйым с а л ы н а д ы .

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 , 2003.05.08. N 411 Заңдарымен.

4-бап. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мыналар жатады:

өзіндік кәсіпкерлік субъектілері;

микробизнес субъектілері;

шағын кәсіпкерлік субъектілері;

орта кәсіпкерлік субъектілері;

ірі бизнес субъектілері.

2. Заңды тұлға құрмай және заңды тұлғаның белгілері болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар өзіндік кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, қызметкерлерінің жыл ішіндегі орташа саны 10 адамға дейінгі заңды тұлғалар микробизнес субъектілері болып табылады. Микробизнес субъектілері шағын кәсіпкерліктің құрамына кіреді.

Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, қызметкерлерінің жыл ішіндегі орташа саны 50 адамнан аспайтын және жыл бойғы активтерінің жалпы құны алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар және кәсіпкерлік қызметпен

айналысатын, қызметкерлерінің жыл ішіндегі орташа саны 250 адамға дейінгі және жыл бойғы активтерінің жалпы құны үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, қызметкерлерінің орташа жылдық саны 250 адамнан астам немесе активтерінің жалпы құны бір жыл ішінде үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын заңды тұлғалар ірі бизнес субъектілері болып табылады.

3. Жеке кәсіпкерліктің барлық субъектілерінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тең құқықтары бар.

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген шарттардың бірі артық болып кеткен жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектілері орта кәсіпкерлік субъектілеріне жатады, тиісінше орта кәсіпкерлік субъектілері ірі бизнес субъектілеріне жатады.

5. Шағын және өзіндік кәсіпкерлік субъектілері қызметінің жекелеген мәселелері Қазақстан Республикасының заң актілерімен реттеледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 , 2003.10.13. N 487 Заңдарымен .

5-бап. Жеке кәсіпкерліктің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау

1. Мемлекет жеке кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Мемлекет, егер осы Заңда және басқа да заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жеке кәсіпкерлік өз қызметін еркін және толық көлемінде жүзеге асыру құқығын қамтамасыз етеді.

2. Жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері:

1) лицензияланатын қызмет түрлерін қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті кімнің болса да рұқсатын алмай-ақ жүзеге асыру мүмкіндігі;

2) жеке кәсіпкерлерді бір тіркеу органында барынша оңайлатылған, келіп тіркелу тәртібімен;

3) мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік қызметті тексеруді заң актілерімен шектеу;

4) жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен мемлекеттік органдар актілерінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне сотқа шағымдану;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке кәсіпкердің қызметін заң актісінде көзделген негіз бойынша шығарылған сот шешімі бойынша ғана мәжбүрлеп тоқтату немесе тоқтата тұру;

6) жеке кәсіпкерлік үшін тыйым салынған немесе шек қойылған

жұмыстардың тізбесін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер түрлерін заң актілерімен ғана белгілеу;

7) мемлекеттік органдарды, лауазымды адамдарды, сондай-ақ өзге де тұлғалар мен ұйымдарды жеке кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз кедергі келтіргені үшін заң актілерімен белгіленген жауапқа тарту;

8) заңдарда көзделген өзге де амалдар арқылы қорғалады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

6 - б а п . < * >

7 - б а п . < * >

Ескерту. 6,7-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

2 ТАРАУ. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

8-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу

1. Жеке кәсіпкер заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай, жүзеге асыратын азаматтарды мемлекеттік тіркеу оның өзінің келіп тіркелуі сипатында жүргізіледі және оны азаматтың тұрғылықты жері бойынша аумақтық салық органында (бұдан әрі - тіркеуші орган) жеке кәсіпкер ретінде есепке алуға саяды.

2. Шаруашылық жүргізуші субъект ретінде мемлекеттік тіркеу сонымен бірге оны сыртқы экономикалық қызмет субъектісі ретінде тіркеу де болып табылады.

3. Ұсынылған құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмегенде немесе заңды тұлға құрудың заңмен белгіленген тәртібі бұзылғанда ғана мемлекеттік тіркеуден бас тартуға болады. Кәсіпкерлік қызмет субъектісін тіркеуден бас тартқан жағдайда тіркеуші орган өтініш берілген күннен бастап 15 күн ішінде оған заңның бұзылғандығы көрсетілген жазбаша түрдегі дәлелді бас тарту берге міндетті.

4. Мынадай шарттардың біріне сәйкес келетін:

1) жалдама қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланатын;

2) кәсіпкерлік қызметтен салық заңдарына сәйкес есептелген, Қазақстан Республикасының заң актілерінде жеке тұлғалар үшін белгіленген жиынтық жылдық табыстың салық салынбайтын мөлшерінен артық жиынтық табыс табатын жеке кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеусіз аталған және кәсіпкерлердің қызметіне тыйым

с а л ы н а д ы .

5. Осы баптың 4-тармағында аталмаған жеке кәсіпкерлер өздерінің қалауы бойынша жеке кәсіпкер ретінде тіркеледі.

Осы баптың 4-тармағында аталғандардан басқа жеке кәсіпкерлерде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болмауы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін кедергі болмайды.

6. Қызметін мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің мәмілелер жасасқан кезде өзінің кәсіпкер болып табылмайтынына сілтеме жасауға х а қ ы ж о қ .

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің Заң күші бар 1995.10.05 . N 2489 Жарлығымен, Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 , 2001.12.24. N 276 Заңдарымен.

9-бап. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу тәртібі

1. Жеке кәсіпкердің заңды тұлға ретінде тіркелуі үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысанда өтініш беріледі және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

2. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Тіркеу карточкасында: тегі, аты, әкесінің аты; туған жылы мен жері; жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (құжаттың сериясы, нөмірі, кімнің және қашан бергені); тұрғын жері; кәсіпкерлік қызметінің түрі; егер өндірістік үй-жайы бар болса - оның орналасқан жері көрсетіледі.

Карточкаға азамат қолын қояды, оның қойған қолы нотариалдық тәртіппен куәландырылады.

3. Өтінішінде немесе тіркеу карточкасында көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, кәсіпкер оған өзгерту енгізуге міндетті.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің Заң күші бар 1995.10.05. N 2489 Жарлығымен, өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

10-бап. <*>

Ескерту. 10-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

11-бап. Мемлекеттік тіркеу туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген жеке кәсіпкерлікке, егер заң актілерінде басқаша көзделмесе, жол берілмейді. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген қызметтен алынған кіріс бюджеттің кірісіне алынады.

2. Кәсіпкердің заңдарда белгіленген тәртіппен қайта тіркелуін талап ететін деректердің өзгергені туралы мәліметтердің бір ай мерзім ішінде берілмеуі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауаптылыққа әкеліп соғады.

3. Егер кәсіпкер белгіленген мерзімде тіркелмесе немесе оны тіркеуден бас тартылған болса, онда ол тіркеуші органның орналасқан жері бойынша сотқа шағымдануға х а қ ы л ы .

Тіркеуші орган заңды тұлғаны тіркеуден заңсыз бас тартқан жағдайда, өтініш беруші өзінің шеккен зиянын сот тәртібімен өндіріп берілуін талап етуге хақылы.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995.10.05. N 2489 Жарлығымен, Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

12-бап. Тіркелген кәсіпкердің қызметін мемлекеттік қадағалау мен бақылауды ұйымдастыру

Тіркеуші орган кәсіпкерді тіркеген соң мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдарына (салық қызметі, санитариялық, өрт, техникалық, экологиялық қадағалау органдарына, және басқа тиісті органдарға) шаруашылық жүргізуші субъектінің пайда болғаны туралы хабарлайды.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.

3 ТАРАУ. ЖЕКЕ КӘСПКЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

13-бап. Жеке кәсіпкердің шаруашылық қызметті жүзеге асыруы

1. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған болса, құрылтай және тіркеу құжаттарында көзделген-көзделмегеніне қарамастан жеке кәсіпкер шаруашылық қызметтің кез келген түрін жүзеге асыра алады.

2. Жеке кәсіпкерлер өндірген және сатып алған товарларын (жұмысты, қызметті) дербес өткізеді. Олар мемлекеттік тапсырысты ерікті және шарттық негізде о р ы н д а й д ы .

3. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына:

- белгілі бір тұтынушыларға товарлар беру (жұмыстар орындау, қызметтер көрсету) туралы жеке кәсіпкерлерге нұсқау беруге;

- республиканың бір аймағынан екінші аймағына азық-түлікті қоса товарлар алып келу және алып кету жөнінде жеке кәсіпкерлерге шектеулер қоюға;

- осы Заңның 18-бабы екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда жеке кәсіпкерлер өткізетін товарларға (жұмыстарға, қызметтерге), соның ішінде сауда үстемесі мөлшерін, не рентабельділіктің шекті деңгейлерін белгілеу жолымен баға белгілеуге тыйым салынады.

14-бап. Жеке кәсіпкерлік қызмет еркіндігін құқықтық жағынан қамтамасыз ету

Жеке кәсіпкерлік қызмет еркіндігін қамтамасыз ету мақсатымен жеке кәсіпкерге мынадай құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігіне кепілдік беріледі:

- ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін кәсіпорындардың кез келген түрін құру;

- мемлекеттік кәсіпорындардың және меншіктің басқа да түрлеріне негізделген кәсіпорындардың мүлкін, өзге де мүлікті және соларға байланысты мүліктік құқықтарды толық немесе ішінара сатып алу. Құрылыстар мен ғимараттарға (аяқталмаған құрылысты қоса) меншік құқығы көшкен кезде Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жер учаскесіне меншік немесе тұрақты жер пайдалану құқығы осы объектілермен бірге көшеді;

- өз мүлкімен және заңды негізде алынған мүлікпен басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне қатысу;

- тараптардың келісімі бойынша заңды тараптар мен азаматтардың мүлкін п а й д а л а н у ;

- келісім шарт жағдайымен немесе Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін өзгедей жағдайлармен қанша қызметкер болса да жалдау және ж ұ м ы с т а н ш ы ғ а р у ;

- еңбекақы төлеу түрлерін, жүйесі мен мөлшерін және жалданып жұмыс істейтін адамдар табысының басқа да түрлерін белгілеу;

- шаруашылық қызмет жүргізу бағдарламасын қалыптастыру, өнім берушілер мен өндірілген өнімді (жұмысты, қызметті), тұтынушыларды таңдап алу, шарттық негізде жұмыстар атқарып, мемлекеттік қажеттер үшін өнім беру;

- осы Заңның 18-бабы екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда өткізілетін товарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаларды, нарықтарды және тарифтерді дербес белгілеу;

- банкілік, соның ішінде ақша сақтау, есеп айырысу, кредит және касса операцияларының барлық түрін жүргізу үшін банкілерден есеп ашу;

- Кәсіпкерлік қызметтен түскен пайданың (табыстың) салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалғанын еркін жұмсау;

- мөлшеріне шек қойылмайтын табыс табу;

- өз таңдауы бойынша әртүрлі әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру жүйелерін (мемлекеттік және мемлекеттік емес) пайдалану;

- өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын мемлекеттік және басқа органдардың әрекетіне белгіленген тәртіппен шағым жасау;
- сыртқы экономикалық қатынастарға қатысу және валюта операцияларын ж а с а у ;

- егер Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін болса, кәсіпкерлік қызметке байланысты өзге де жұмыстар істеу.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 , 1997.07.11. N 154 , 2001.12.24. N 276 Заңдарымен.

15-бап. Кәсіпкердің кәсіпкерлік қызмет жүргізу кезіндегі міндеттері

Ж е к е к ә с і п к е р :

- еңбек заңдарына сәйкес жалдау бойынша алатын азаматтармен шарттар (келісім шарттар), сондай-ақ еңбек ұжымдарының талабы бойынша ұжымдық ш а р т т а р ж а с а у ғ а ;

- жалдамалы қызметкерлер өздерінің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау үшін кәсіптік одақтарға бірігуіне кедергі жасамауға;

- жалданып жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақыны заң актілерінде белгіленген ең төменгі мөлшерден кем емес деңгейде төлеуге;

- қолданылып жүрген ережелер мен нормаларды басшылыққа ала отырып экологиялық қауіпсіздікті, еңбек қорғауды, қауіпсіздік техникасын, өндірістік гигиена мен санитарияны қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

- салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді дер кезінде және толық төлеуге және мемлекеттің алдында басқа да қаржы міндеттемелерін о р ы н д а у ғ а ;

- Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес лицензиялауға жататын салаларда қызметіне, арнайы келісім (лицензия) алуға;

- Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген өзге де талаптарды сақтауға м і н д е т т і .

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.

16-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті лицензиялау

Жеке кәсіпкерлік қызметті лицензиялау заң актілерінде белгіленген тәртіппен жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

17-бап. Жеке кәсіпкерлерге банк қызметін көрсету

Жеке кәсіпкерлерге банк қызметін көрсету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шарттар негізінде және тараптардың келісімімен жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

18-бап. Жеке кәсіпкерлер өндірген товарлардың бағасы

1. Жеке кәсіпкерлер өзі шығарған, сондай-ақ сырттан сатып алған өз товарларын (жұмысын, қызметін) дербес белгілейтін бағалар (нарықтар, тарифтер) бойынша немесе шарттық негізде өткізеді.

2. Жеке кәсіпкерлер өндірген товардың бағасын мемлекеттің тікелей реттеуіне кәсіпкер рыноктағы өз монополиялық жағдайын теріс ниетпен пайдаланған ретте жол беріледі.

Монополиялық көтеріңкі бағаларға жол бермеу мақсатында мемлекеттік бағалар белгілеу монополияға қарсы заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

19-бап. Жеке кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметі

Жеке кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 , 1997.07.11. N 154 Заңдарымен.

20-бап. Жеке кәсіпкерлердің қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға кедергі жасамауға тиіс.

2. Бақылау мен қадағалау құқын заң арқылы арнайы осындай құқық берілген мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ғана пайдаланады.

3. Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлердің қаржы-шаруашылық қызметіне ревизияны кәсіпкерлердің өз келісімімен ғана жүргізе алады, қылмыстық іс қозғау бойынша жүргізілетін ревизиялар бұған жатпайды.

4. Бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың тексерулері олардың құзыретіне қатаң сәйкес түрде жүргізіледі.

Тергеу және тексеру органдарының тексерулері қозғалған қылмыстық істер бойынша іздестіру немесе тергеу жұмыстары тәртібімен ғана жүргізілуі мүмкін.

5. Түпнұсқа бухгалтерлік және өзге құжаттарды алып қоюға және олардың арасынан беттер алуға тыйым салынады. Бұған ерекше жағдайларда тәртіп бұзуды тыю шарасы ретінде не қылмысты іс жөніндегі айғақ ретінде жол беріледі.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.

4 ТАРАУ. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰПИЯНЫ САҚТАУ

21-бап. Коммерциялық құпияны сақтау

1. Коммерциялық құпия дегеніміз - жариялануы (берілуі, сыртқа мәлім болуы) шаруашылық жүргізуші субъектінің мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін өндіріске, технологиялық хабарламаға, басқаруға, қаржыға және оның басқа да қызметіне байланысты мемлекеттік құпия емес мәліметтер. Коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтердің құрамы мен көлемін шаруашылық жүргізуші субъектілер анықтайды, бұл туралы мүдделі адамдарға жазбаша түрде х а б а р л а н а д ы .

2. Коммерциялық құпияны қорғау дегеніміз - осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді жариялауға тыйым салу, яғни мәліметтерді белгілі бір немесе белгісіз адамдар тобы арасында қабылдауға болатын кез келген түрде таратуға тыйым салу, сондай-ақ ондай мәліметтерді басқа бір адамға беруге т ы ы ы м с а л у .

3. Егер ол коммерциялық құпия құқы субъектісіне зиян келтіретін болса, коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді заңсыз алған адам оларды қарақан басының қамына пайдалануға құқығы жоқ.

Басқа шаруашылық жүргізуші субъектінің коммерциялық құпиясы болып табылатын өндірістік, ұйымдық, қаржылық және өзге жаңалықтар коммерциялық құпия режимін бұзбай алынған болса, оларды пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілерге тыйым салынбайды.

22-бап. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың коммерциялық құпияны қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

1. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу кезінде, олардың қызметін тексеру, жұмыс жағдайларын бақылау кезінде және осы органдардың міндеттерінен туындайтын басқа да әрекеттер жасау кезінде алынған коммерциялық құпияға жататын мәліметтерді жарияламауға тиіс. Заң актілерінде көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға ақпарат беру коммерциялық құпияны жария ету болып т а б ы л м а й д ы .

Тіркеу, тексеру және бақылау міндеттерін атқару кезінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар заң актілерінде белгіленген өздерінің бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыру мақсатында қажет мәліметтерден өзге коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді талап етуге құқығы жоқ. Мемлекеттік органдарға әртүрлі анықтамалар, мәліметтер немесе өзге де деректер берген кезде де осындай шектеулер қолданылады.

2. Құқық қорғау органдары прокурордың санкциясы, тергеу органдарының қылмыстық іс қозғау туралы қаулысы негізінде не сот қаулысы негізінде коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді пайдалануға мүмкіндік

а л а д ы .

Коммерциялық құпияға жататын және құқық қорғау органдары іздестіру жұмыстарын жүргізу, тексеру, тергеу немесе сот ісін жүргізу кезінде пайдаланған материалдарды жариялауға болмайды.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.03.02. N 162 Заңымен.

23-бап. Коммерциялық құпия емес мәліметтер

1. Мемлекеттік статистикалық есептілікке жататын, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің мемлекеттік бақылау мен қадағалау объектісі болып табылатын жақтарына қатысты мәліметтер коммерциялық құпия б о л м а й д ы .

2. Шаруашылық жүргізуші субъект өз қызметкерлеріне, акционерлерге, үлес қосушыларға және тиісті адамдарға келісім шарт бойынша жалақыны, сый ақшаны, авторлық қаламақыны, дивидендтерді есептеу дұрыстығын тексеруге, мүліктегі, кірістегі, пайдадағы өздерінің үлесін анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтерді пайдалануға беруге міндетті.

3. Заңдарда немесе құрылтай құжаттарында міндетті түрде жариялануға не акционерлерге, шаруашылық серіктестігінің мүшелеріне (қатысушыларына), немесе өзге де белгілі бір адамдар тобына міндетті түрде хабарлануға тиіс мәліметтер тізбесі белгіленуі мүмкін.

Бұл мәліметтерге, атап айтқанда, мемлекеттік реестрде бар деректер, бір жылдық кәсіпкерлік қызметтің баланстық қорытындылары, соның ішінде баланс айырмасы, жарғылық қор сомасы, кредиторлық және дебиторлық қарыздың жиынтық сомасы, пайда мен шығын есебінің айырмасы, мемлекеттік статистикалық есептілік ережелеріне сәйкес жариялануға тиіс деректер жатады.

4. Осы Заңның 3-бабының бірінші бөлігіне сәйкес тек қана мемлекеттің құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі мәліметтерді жасырып қалуды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мәліметтері коммерциялық құпия бола алмайтын қызмет түрлерінің тізбесін белгілейді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

5 ТАРАУ. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ ЗАҢСЫЗ КЕДЕРГІ ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

24-бап. Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз бұзғаны үшін жауаптылықтың жалпы негіздері мен түрлері

1. Мемлекет органдар не лауазымды адамдар еркін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың мүмкін болмауына, оның көлемін, жекелеген түрлерінің таралу саласын шектеуге және кәсіпкерлік үшін өзге де кедергілерге апарып соғатын әрекеттері үшін осындай органдар мен лауазымды адамдар заң актілерімен белгіленген жауаптылықта болады.

Егер кәсіпкерлік қызметті шектеу жөніндегі әрекеттер осы Заңда не Қазақстан Республикасының өзге де заң актісінде тікелей айтылған немесе оларға рұқсат берілген болса, жауаптылық қолданылмайды.

2. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңға негізделмеген, кәсіпкерлік қызметті шектейтін тыйымдары жарамсыз болып табылады және орындалмауға тиіс.

Кәсіпкерлік қызметтеріне заңсыз кедергі жасалуы салдарынан шаруашылық жүргізуші субъектілерге келген барлық шығын, аталған субъектілердің талаптары бойынша алынбай қалған кірісті қоса, сот тәртібімен толық өтелуге тиіс. Осы Заңның 27-30-баптарында көзделген айыппұлдар да осындай тәртіппен өндіріп алынады.

Егер заңсыз әрекетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар жасаған болса, шығын тиісті бюджет қаражаты есебінен өтеледі. Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік басқару органдарынан өндіріп алынатын айыппұлдар да осы Заңның 27-30-баптарында көзделген негіздер бойынша осы бюджеттер есебінен төленеді.

25-бап. Кәсіпкерлік қызметке кедергі жасағаны үшін жауаптылық

Мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар кәсіпкерлік қызметке кедергі жасайтын әрекеттер жасаған (тіркеуден негізсіз бас тарту, тіркеу туралы куәлік беру мерзімін бұзу; лицензия, патент беруден бас тарту, оларды беру мерзімін бұзу; тиісті кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру онсыз мүмкін болмайтын жағдайда жер учаскесін бөлуді негізсіз кешіктірмеу; кәсіпкерлік қызметті толық немесе ішінара негізсіз тоқтату немесе тоқтата тұру және өзге де жағдайда) өтелуге тиіс шығындар көлеміне шаруашылық жүргізуші субъект осы қызметті ойдағыдай жүзеге асырған кезде алуына болатын пайда қосылуға тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметін тоқтатуды немесе тоқтата тұруды бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы талап арызын уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекше жағдайларда шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметін сот шешімінсіз тоқтатуға немесе

тоқтата тұруға талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етілуі мүмкін. Бұл орайда бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органның қызметті тоқтату немесе тоқтата тұру туралы актісі сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.29. N 488 Заңымен.

26-бап. Кәсіпкерлік қызметті тексерудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық

Мемлекеттік орган немесе оның лауазымды адамы кәсіпкерлік қызметті тексерудің белгіленген тәртібін бұзған жағдайда (қажеттілік болмаса да құжаттарды алып қою, материалдық құндылықтарды тізімге алу, өндірісті тоқтатып қою, артық анықтамалар мен түсініктер жасау, негізсіз сауалдар қою және өзге жағдайлар) өтелуге ұсынылған шығындар көлеміне кәсіпорын қызметкерлеріне тексеруге материалдар дайындағаны үшін төленген сый ақша сомасы, өндіріс лажсыз тоқтап тұрған уақыт үшін жалақы, өндірістің тоқтап тұруы салдарынан шығарылмай қалған тиісті товарларды (жұмысты, қызметті) өткізген жағдайда шаруашылық жүргізуші субъект алуына болатын алынбай қалған пайда қосылуы мүмкін.

27-бап. Негізсіз салық салғаны үшін жауаптылық

Шаруашылық жүргізуші субъектіден салық төлемдерін және басқа міндетті төлемдерді негізсіз әрі еріксіз өндіріп алған жағдайда, сондай-ақ салық заңдарын бұзғаны үшін негізсіз айыппұл салған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектінің осындай өндіріп алуды жүргізген органға қойған талабы бойынша оған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес артық өндіріп алынған барлық сома қайтарылады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен.

28-бап. Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

29 - б а п . < * >

30 - б а п . < * >

Ескерту. 29,30-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 Заңымен.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК